

Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 8 ақпандағы № XI-6 "Қызылқоға ауданында тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидасын айқындау туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 11 ақпандағы № XXI-2 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 ақпанда № 2859 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 21 мамырдағы № XXIII-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихаттың 21.05.2014 № XXIII-2 шешімімен.

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі " Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 1303 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 және "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою қағидаларын бекіту туралы" 2012 жылғы 26 маусымдағы № 856 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" қаулыларына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 8 ақпандағы № XI-6 "Қызылқоға ауданында тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидасын айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 2707 санымен тіркелген, " Қызылқоға" газетінде 2013 жылғы 21 наурызда санында жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 4-тармақта:

"2 тармағының 4) тармақшасы" деген сөздерден кейін "және 7 тармағының 9) тармақшасы" сөздермен толықтырылсын;

2) қағиданың 7 тармақтың 3) тармақшасы:

уәкілетті органға:

мынадай редакцияда жазылсын:

"3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекен-жай анықтамасы, не етініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін раставтын селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасы";

3) қағиданың 9 тармақтың 3) тармақшасы мемлекеттік тілде мәтіні өзгермейді, орысша тілінде жаңа мәтінде мазмұндалсын:

"3) размер потребления природного газа для жителей устанавливается по оплаченному счету квитанции за природный газ".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау жасау Қызылқоға аудандық мәслихаттың бюджет, қаржы, экономика, кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасына (О. Жанықұлов) жүктелсін.

3. Осы шешімнің 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болатын 1 тармағының 1) тармақшасын қоспағанда, осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күннін кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы, аудандық

мәслихат хатшысы

Т. Бейсқали

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК